

ӘОЖ: 159.923.5

## ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР ТУРАЛЫ

Бакытжан Улжан Бердешкызы

[ulzhan555@bk.ru](mailto:ulzhan555@bk.ru)

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Психология мамандығының 1 курс магистранты,

Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Б.Ш. Байжұманова

Педагогикалық сөздікте: «құндылық» - адамның ішкі құқы, ізгілігі, адамдармен қарым-қатынасы кезінде, іс-әрекет кезіндегі көрсетілген тұрақтылығы, қайырымдылығы, мейірімділік тәрбиесі делінген. Себебі педагогикада «құндылық» тәрбие барысында жүзеге асады.

Педагогика ғылымында құндылық мәселесіне қатысты көптеген еңбектер жарық көрді. Бұл еңбектерде құндылық ұғымы әр қырынан қарастырылып, оның мәні мен табиғатына, тәлім-тәрбиелік жақтарына жан-жақты көңіл бөлінген. Мәселен, В.А.Караковский өз зерттеулерінде құндылықтардың тәрбиелік ықпалына ерекше мән беріп, төмендегідей құндылықтар иерархиясын ұсынады: Адам, Денсаулық, Өмір, Отбасы, Отан, Жер, Адамзат, Бейбітшілік, Еңбек, Білім, Мәдениет, Даму.

Қ. Жарықбаев құндылық мәселесін ұлттық психология тұрғысынан қарастырды. Құндылық тұлға іс-әрекетінің барлық түрінде маңыздылығы, пайдалылығы, қажеттілігі арқылы көрініп отырады да іс -әрекетін, мақсат-мұраттарын, себеп-салдарын анықтап, олардың іске асуына ықпал етеді және жеке тұлғаны қалыптастыруға тигізетін әсері де мол болады.

Ал жеке тұлға – әлеуметтік қатынастар мен саналы іс-әрекеттің субъектісі ретіндегі индивид. Нақтырақ айтсақ, ана тілі мен ұлттық салт-дәстүрін құрметтейтін, басқа тілде де жетік сөйлей білетін, дүниетанымы, ақыл-ой парасаттылығы қалыптасқан, еңбекқор, мақсат қоя алатын және сол мақсатқа жету жолдарын таңдай білетін, жауапкершілігі мол, мінез-құлқы, айналадағы адамдарға, қарым-қатынас мәдениеті жоғары, Отанын сүйетін, күрделі жағдайларда нақты шешім қабылдай алатын, өзіне сын көзбен қарай білетін салауатты тұлға.

Ұлттық құндылықтар – нақты бір ұлт өкілдерінің құнды деп есептейтін дүниелері мен ең маңызды, бағалы қасиеттерінің жиынтығы. Ұлттық құндылықтар – әрбір халықтың, этностың мәдениетінің өзегі, жеке тұлғаның ішкі мәдениетінің іргетасы.

Ұлттық құндылықтар әрбір этникалық қауымдастықтарының өзіндік тұрмысы, табиғаты, мәдениеті негізінде түзген құндылықтарының жүйесі. Нақтылай түссек, құндылықтар дегеніміз – халықтың ұлттық тілі, ұлттық мінез-құлқы, салт-дәстүрлері, ерекше адамгершілік қасиеттері, ауызша-жазбаша ұлағатты тәлім-тәрбиелік мәні бар даналық өсиеттері, ділі мен діні.

Педагог-ғалым К.Оразбекова ұлттық тәрбиенің негізгі тамыры арқылы ұлттық тұлғаны қалыптастырудың педагогикалық негіздерін жүйелей отырып, ерекше құнды қасиеттер ретінде ақыл мен парасатты атап айтады. Ол қазақ даналығындағы он қасиеттен тұратын адамгершілік құнды сапаларды адамдарға сезіммен қарау, өз ісінің дұрыс-бұрыстығына баға беру, халқына қымет ету, өз сырларын өзгеге шашпау, әр жағдайда сақ болу, артық сөйлемей, әдептілікті сақтау, кішіпейіл болу, кешірімді болу, біреудің ісіне араласпау деп қарастырады. Бұл еңбек бойынша қарым-қатынас құндылықтарын меңгерудің мүмкіндігі мол.

Ұлттық құндылықтарды танып білу және меңгеру мәселелері ұлы ойшылдар еңбектерінен бастау ала отырып, ағартушыларымыз Ш. Уәлиханов, Ы. Алтынсарин, А. Құнанбаев, сонымен қатар, XX ғасырдың I-жартысындағы педагогтар мен қоғам қайраткерлері М. Жұмабаев, Ж. Аймауытов,

Ш. Құдайбердиев, М. Дулатов, А. Байтұрсыновтардың рухани мұраларымен үндестік табады. Осынау мол мұраны жас ұрпақтың игілігіне айналдыра отырып, олардың ұлт азаматтары ретінде қалыптасуына көмектесудің маңызы күннен күнге артып отыр.

А. Байтұрсыновтың ұлттық құндылық бағдарға қатысты мынадай ой-пікірлері бүгінгі ұлт мектебінің ұлы мұраттарының үндестігі:

- оқулықтардағы оқу материалдарында этнопедагогика элементтерінің қамтылуын ескеру;

- бастауыш мектепте берілетін білім мен тәрбие ұлттық негізге бағытталуы;

- бастауыш мектептегі оқудың ана тілінде жүргізілуі.

Бүгінгі таңда қазақ халқының ұлттық құндылықтарының мәнділігі егеменді ел болуымызбен байланысты, сонымен қатар, жаһандану үдерісі жағдайында жас ұрпақтың ұлттық келбетін қалыптастыру қызметіне байланыстыудан әрі артып отыр. Мәселен, философ С. Нұрмұратов этно-ұлттық құндылықтар мәселесін зерттеуде осы құрылымды, жүйені құрайтын ұғымдарға тоқталып, ұлттылық ұғымына талдау жасайды. Ұлттылық ұғымын және оның құрамдас салаларын талдай келе, оның маңызды саласы ретінде этникалық келбеттің қалыптасуын қарастырып, оны әр халықты басқа халықтардан ерекшелеп отыратын өзіндік тұрақты құндылығы мен дәстүрлерінің жиынтығынан көруге болады деген тұжырымды ой түйді.

Ұлттың ұлт болып қалыптасып дамуы үшін ұлттық санадан кейінгі маңызды орын алатын ұлттық құндылық. *Ұлттық құндылыққа* – ұлтымыздың мәдениетін, әдебиетін, өнерін, музыкасын, т.б. жатқызамыз.

Егерде ұлттық мәдениетке келетін болсақ қазақ халқы өзінің тұрмыс-тіршілігіне бейімделген ежелден өзінің ұлттық мәдениетін қалыптастырды. Ол мәдениет негізінен көшпенді өмір салтына бейімделген болатын. Сондықтан қазіргі қазақ мәдениетін еуразиялық ұлы дала көшпенділерінің мұрагері деуге болады.

Ұлттық құндылықтарымыздың туын биік ұстап, жас ұрпақты қасиетті халқымыздың тәлімгерлік үлгісімен тәрбиелеу- ең маңызды міндет.

Елбасымыз Н. Ә. Назарбаев: «Біз құрап жатқан қоғамның ең жоғарғы құндылығы – адам, бүкіл өзгерістердің бәрі сол үшін, соның игілігі үшін жасалып жатыр», - деген. Олай болса, оқушының өз өмір жолын таңдай білу қабілетін дамытуда, ер бала мен қыз баланың өмірлік ұстанымын, табиғи міндеттерін түсіндіруде, өз өміріне ойлы көзбен қарап, адам өмірі ең жоғары құндылық екенін санаға сіңіруде ұлттық құндылықтар арқылы тәрбие берудің маңызы зор деп білемін.

Білім - бүгінгі күнгі жаһандану жағдайында өркениеттіліктің әрі өлшемі, әрі тетігі, құндылығы болып табылады. Өлшем болатын себебі, кез келген мемлекеттің рухани да, әлеуметтік-экономикалық та дәрежесі онда өмір сүретін халықтың білім деңгейіне байланысты бағаланады. Жаңа типті мектептерде қалыптастырылған сапалы білім сол өркениеттіліктің тетігі болып табылады. Себебі, адамзат баласын тамсандырған таңғажайып жаналықтар қашан да білімді - құндылық деп біліп, соған бүкіл мүмкіндіктерін жұмсаған.

Құндылық бағдары оқу танымдық әрекеттің сапалық мотивіне ықпал ете отырып, білім беруді жандандырады; құндылық бағдары әрекеттің жиынтығымен байланысты және оның орындалуын анықтайды; құндылық бағдары оқушыларға өзінің әрекетін таңдауға мүмкіндік береді; құндылық бағдары жеке бастың дамуына ықпалын тигізеді; құндылық бағдары оқушылардың оқу-танымдық әрекетінде белсенділік мөлшерін анықтайды; «құндылық» және «құндылық бағдары» категориялары - бұл жалпы ғылыми категория; жақсылық, ақиқат, әдемілік және әділеттілік ө мәнділігіне қарай адамзат үшін тұрақты мінезбен ерекшеленеді, тұрақтылыққа қатысты жоғарғы құндылықты категорияға кіруі мүмкін; педагогикалық құндылықтарға: білім, біліктілік және дағды; жеке бас қасиеттері; оқу қызметінде қарым-қатынас мақсатына жету құралы ретінде; көзқарас және сенім жүйесі; жеке мінездердің жиынтығы жатады; құндылықтар бағдарының объектісі ретінде өзін-өзі бағалауға және жеке өміріндегі және қоғамдық өмірдегі жаңа құндылықтар мен қажеттіліктерді білуге адамды тұрақтандыруға бейімдейді; тұлға қалыптасуында адамның сенімі мен идеалдары, қызығушылығы, мақсаттары құндылық бағдарымен анықталып, басты рөл атқарады; құндылық бағдары жеке тұлғаның мақсаттық, үміткерлік, адалдық сапаларын, анықтаушы принциптер мен идеалдарды ерікті істерге қабілеттілікті арттырудың белгілі типінде қызығушылық қажеттілігіне қарай бағыттайды; құндылық бағдары күшіне жеке тұлғаны басқару, мотивациялау саласы кіреді. Оқытудың мотивациясына саналы адамзатты ішкі және сыртқы қайта жасақтаудың нәтижесі және ең бірінші адамның бағалы құндылығы жатады.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Г. Икіманова. Саулық пен сымбат. — Алматы: Қайнар, 1991.
2. Е. Уақбаев. Қазақстанда ұлттық тәрбие жүйесінің дамуы. — Алматы: Санат, 2000ж.
3. Дене мәдениеті – оқушыларды оқыту мен тәрбиелеу жүйесінде. Ізденіс-Поиск. 2009. № 2(2) -Б.262-264.
4. Жеке тұлғаның рухани дамуындағы ұлттық мәдениеттің рөлі //«Шоқан тағлымы 14» Халықаралық ғылыми-практикалық конференция. Т.6.- Көкшетау, 2009. – Б.222-224.